



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

11 қараша
сейсенбі
№86 (2198)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmesht.kz@mail.ru

апталығы

Сыр жұрты Мемлекет басшысына алғысын жеткізді

Жақында Мемлекет
басшысы Қасым-Жомарт
Кемелұлы Тоқаев
Қызылорда облысына
жұмыс сапарымен келіп,
аймақтың дамуына
серпіліс берген жобалармен
танысты.

Сыр жұртшылығы Президентіміздің бірлік пен тұрақтылыққа, халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамаларын қолдап келеді.

Аймақтағы игілікті істердің жүзеге асуына ерекше камқорлық көрсеткенін жақсы біледі. Өйткені саяси-экономикалық реформалардың нәтижесі Қызылорда облысының бүгінгі даму серпінінен анық байқалады.

Мемлекет басшысының өңір жұртшылығымен кездесуде айтқан әлемдегі ахуал, су тапшылығы, жастар тәрбиесі, жасанды интеллект дәуірінің жаңашылдықтарын пайдалану туралы пайымдары баршаға ой салды. Өсіресе, Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін кітапхананы Қызылорда қаласында салу туралы бастама жұртшылықты қуанышқа кенелтті. Президенттің:

«Облыс жалпы жақсы дамып келе жатыр. Қарқыны жоғары», – деген оң бағасы ынтымағы мен бірлігі жарасқан Сыр халқының мерейін өсірді.



Сапардан соң, қызылордалықтар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына хат жолдап, алғыс білдірді.

«Сізге барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды, зор ризашылығымызды білдіреміз. Әділетті,

Қуатты, Таза Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамаларыңызды қолдаймыз! Тәуелсіз еліміздің дамуына бағытталған тарихи миссияңызға мол жетістік, мықты денсаулық және сарқылмас жігер тілейміз!» – делінген хатта.

Сыр жұртшылығының атынан жолданған алғысты жеткізгендер арасында «Қазақстанның Еңбек Ерлері», ардагерлер мен әйелдер кеңесі, қоғамдық кеңес, зиялы қауым, азаматтық қоғам өкілдері мен жастар бар.



ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАЙЛЫ ОРТА МАҢЫЗДЫ

Әлемнің қай қаласы болсын, тұрғындарға жайлы болғаны маңызды. Кейінгі уақытта Қызылорда қаласында жайлы орта қалыптастыру мақсатында қыруар жұмыс атқарылуда. Жаяу жүргіншілер үшін, спортпен айналысатын тұрғындар үшін, кішкентайлар үшін қаланың әр бұрышында жайлылық бар. Бұл қала тұрғындарының арманы еді. Спорт алаңдары, шығармашылық үйі, стадион, демалыс орындарының көбейіп, уақыт талабына сай жаңғыртылуы қала өміріне жаңаша серпін берді.

Жақында облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов пен қала әкімі Нұржан Ахатов қала аумағындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды аралап, аулаларды абаттандыру жұмыс барысын көрді. Биыл облыс орталығындағы 20 аулаға ойын және спорт алаңдарын орнатуға 1,3 млрд теңге қаржы бөлінді. Әр аулада өткеншек, сырғанақ, жаттығу құрылғылары, кіші футбол және воркаут алаңдары болады. Жарық шамдары мен демалыс орындары орналастырылып, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Мұнан бөлек, 153 млн теңге бөлініп, тұрмыстық қалдыққа арналған 375 контейнер қойылған.



– Көпқабатты үй тұрғынымын. Өзім бала күтімімен үйде отырғандықтан, бір мезгіл аулаға шығып, таза ауа жұтып, балаларды ойнатуды әдетке айналдырғанмын. Бұрын шаңы шығып жататын аулалар қазір уақыт талабына сай жаңарды. Балалар алаңсыз ойнайды. Қаланың күн сайын жаңарып келе жатқанына қуанамын. Қала біздің өміріміздің бір бөлшегі ғой, – дейді қала тұрғыны Айсұлу Кенжебаева.

Күздің шуақты күнінде аулаларда алаңсыз ойнаған балалардың шап күлкісі естіледі. Бірі сырғанап, бірі өткеншек теуіп, енді бір топ бала ойын алаңында доп теуіп жүр. Ең бастысы, қаланың әр бұрышында да үлкенге де, кішіге де жайлы орта бар.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТАЗА ҚАЛА

ТАЗАЛЫҚ ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ



«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы биыл да өз жалғасын тапты. Табиғатты қорғау мен туған өлкенің экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған бұл бастамаға Сыр жұртшылығы да белсене қатысуда.

Өңірдің барлық аудандарында және елді мекендерінде санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Сенбіліктерге тек мемлекеттік қызметкерлер ғана емес, еріктілер, жастар, ардагерлер мен қарапайым тұрғындар да бірауыздан атсалысып келеді. Облыстық әкімдіктің мәліметінше, жыл басынан бері 440 мыңнан астам қызылордалық тазалық шараларына қатысып, 19 мың тоннадан астам тұрмыстық қалдық арнайы полигондарға шығарылған. Нәтижесінде 510 сквер мен парк, 256 тарихи-мәдени ескерткіш, 1019 әлеуметтік нысан, сондай-ақ 3 603 өндірістік және кәсіпкерлік орын қоқыстан тазартылды. Сонымен қатар 332 су айдыны мен 41 394 көше бойы қайта қоқыстан тазартылған. Бұл игі іске

540-тан астам арнайы техника жұмылдырылған.

Тазалық шараларымен қатар, көгалдандыру жұмыстары да кеңінен қолға алынды. Табиғи-климаттық жағдайға бейімделген 255 мыңнан астам ағаш көшеттері, яғни қарағаш, терек және сыр талы егілген. Айта кетейік, Қызылорда қаласы республика бойынша «Таза Қазақстан» акциясына белсене атсалысу бойынша көш бастап тұр. Бұл – Қызылорда тұрғындарының мәдениетінің көрінісі. Сондықтан да мұндай акциялардың маңызы зор.

«Ақмешіт-ақпарат»



СҰХБАТ

Абайбек САРСЕНБЕКОВ, Сейілбек Шаухаманов атындағы
№9 дарынды балаларға арналған облыстық
«Білім–инновация» лицей–интернаты директоры:

БАСТЫ БАҒЫТ – ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҢДАУ

Жаһандану дәуіріне қадам басқан ел үшін сапалы білім мен ызық ойлы ұрпақ тәрбиелеу – ел дамуының басты кепілі. Осы жолда білім мен тәрбиені ұштастырып, ғылымға құштар жас ұрпақты шындай білетін оқу орындарының ролі ерекше. Солардың қатарында Қызылорда қаласындағы Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім–инновация» лицей–интернаты бар. Бұл

лицей талай дарынды оқушының болашағына жол ашқан, ұлттың интеллектуалдық әлеуетін көтеруге үлес қосып келе жатқан бірегей білім ордасы. Бүгінде еліміздегі ең үздік білім ордаларының қатарынан көрініп жүрген лицей туралы толығырақ білу мақсатында білім ордасының директоры Абайбек Сарсенбековпен сұхбаттасудың сәті түсті.

4-БЕТТЕ



Баспасөз-2026

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?**

Баспасөзге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрүде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

Қызылорда облыстық партия комитетінде он жеті жылдан аса қызмет еткен соң 1938 жылдан 1991 жылға дейін облыстың партиялық жүйесінде он жеті бірінші басшы болғанын, олардың ішінде Мұхамедғали Әленұлы Сужиков, Мұстақым Біләлұлы Ықанов және Еркін Нұржанұлы Әуелбековтердің Сыр бойына сіңірген ерен еңбектерінен хабардар едім. Сондықтан олардың есімдерін ел есінде қалдыру ылғи жадымда жүретін.

Мен бір реті келіп, Мұхамедғали Әленұлы Сужиков туралы «Халқым деп соққан жүрегі» деген кітап шығарған едім. Мұстақым Біләлұлы Ықанов облыстың ауыл шаруашылығының жетекші саласы күрiш егiсi бағытына күрделі реформа жасап еді. Ол кезде мен комсомолда қызмет еттім. Ал Еркін Нұржанұлы Әуелбеков 1985 жылдың 22 қаңтарынан 1989 жылғы шілденің 25-іне

дың ішінде 1986 жылғы 25 желтоқсанда КСРО Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету шаралары туралы» қаулының маңызы бөлек болды.

Еркін Нұржанұлының ерекше назарда ұстағаны Арал аймағындағы экологиялық жағдай болды. Бұл жөнінде облыста арнайы комиссия құрылды. Мен осы комиссиядағы Ерекеннің бір сөзімен таныстым. Онда Аралға қатысты еш мәселе қалмаған. Соншалықты ыждағаттылықты, мәселені соншалықты терең білгенге танқаласын. Арал мәселесін ХІХ Бүкілодақтық партия конференциясында, ССРО Жоғары кеңесінің сессиясында арнайы мәселе етіп көтерді. Содан СОКІП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1988 жылы 19 қыркүйекте «Арал теңізі аймағындағы экологиялық және санитарлық жағдай-ды түбегейлі жақсарту шаралары, осы бассейндегі су және жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды күшейтудің тиімділігін көтеру туралы» қаулы алуына қол жеткізді. Бұл қаулының орындалуының жүзеге асуына байланысты республикада және облыста арнайы қаралып, тиісті қаулы-лар қабылданды. Осы құжаттардың негізінде қабылданған заң Сыр өңірі «экологиялық апат аймағы» деген мәртебеге ие болды. Облыс үшінші категориядан екіншіге өтті.

оқымай, ешкімге тапсырма бермейтін. Оны арыздардағы негізгі мәселелердің асты қара сиямен сызылғанынан байқайтынбыз. Мәселелері жергілікті жерде шешіліп жатқан соң жұртшылық Мәскеу, Алматыға хат жолдауды күрт азайтты. Арыздардың басым көпшілігі шешімін тауып жатты. Оны үгіт-насихат бөліміне қатысты хаттардан байқадым. Әрине, осы сәтті пайдаланып қалғысы келгендер де болмай қалмады. Алайда олар дегеніне жете алмады.

Еркін Нұржанұлы көбіне сол кездегі заман талабына сай орысша сөйлегенімен ұлттық рухы биік, нағыз халықшыл қайраткер болатын. Бұл қасиеттердің Ерекенде айқын болғанына өзімен көп жыл қызметтес, кимас дос болған Мактай Сағдиевтің мына сөздері дәлел бола алады: «Еркін Нұржанұлы ешқашан ешкімді орыс, қазақ деп бөлмейтін. Бірақ үлкен ағайындар баяғы дағдымен озбырлық жасап, туған халқының есесі кетіп жатқан жерде шыдап тұра алмайтын. ... Көкшетауда бірінші басшы боп жүрген кездерінде үлкен жиналыс мінберлерінен: «Біз Қазақстанда тұратынымызды ешқашан ұмытпайық» деп шегелеп, жұрттың құлағына құйып, саналарына сіңіріп айтудан әсте жалықпайтын да тайынбайтын».

Ерекең намысшыл басшы болды. Әсіресе, облысқа



шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Исатай Елубаевқа: «Исатай, мына бөлім меңгерушілеріне өз қаржыларына таразы сатып алып бер. Салмақтарын өлшеп жүрсің. Менің салмағым соңғы он жылда 100 грамнан артыққа ауытқыған емес» деп отыратын.

Осындай берісі облысымыздың, арысы республиканың саяси-әлеуметтік және экономикалық, рухани дамуына ерекше үлес қосқан Ерекең тектілік ата қанымен, ана сүтімен беріліп, ұлттық тәрбиенің темір қазығы – отбасында қалыптасып, өскен ортасында жетіле түскен. Әкесі Нұржан Қазақ КСР-інің еңбегі сіңген мұғалімі, Ленин және Октябрь Революциясы ордендерімен марапатталған, аса беделді, оқымысты, танымал тұлға болған көрінеді. Ал Қалима Әуелбекова тоғыз перзент тәрбиелеген ана болған. Ерекеннің мәңгілік мекенін анасының қасынан таңдауы тегіннен тегін болмаса керек.

Сөз сонында бір мәселені айта кетейін. Әділетсіздікке қасқайып әркез қарсы тұратын, өзінің адами, өршіл тамаша қасиеттерімен көптеген замандастарынан жоғары болған, биік мінбелерде лауазыммен есептесе бермейтін Еркін Нұржанұлы Әуелбеков адами адалдық пен әділеттіліктің, шынайы шындықтың үлгісі болды. Осындай 43 жасында Социалистік Еңбек Ері атанған, бірнеше Ленин, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің ие болған, ерен еңбектермен жұртшылыққа кеңінен танылған қайсар қайраткер туралы сол кездегі республика басшыларында бірынғай пікірдің болмағаны белгілі. Ерекенді ілгері жылжытудың, жоғары көтерудің, оның адами асыл қасиеттері мен мол ұйымдастырушылық қабілетін, жинаған мол тәжірибесін биік деңгейде пайдаланудың орнына оны орталықтан алыстату, мүмкіндігі болса, алдарына шығармау үшін сонау Торғай облысына жіберді. Жастар арасындағы айрықша қызметімен Одаққа танымал болған Өзбекәлі Жәнібекті де жана облыс болып ұйымдасып жатқан Торғайға жібергенде республика басшылары осындай ойда болды.

Республика басшылары бір кездері Торғай, Қызылорда облыстарын мәдени жер аудару аймағы еткен еді. 1954 жылы Орталық партия комитет хатшысы қызметінен аса сауатты, Мұхамедғали Әленұлы Сужиковты Қызылордаға бірінші хатшы етіп жіберген еді. Алайда М.Сужиков те, Ө.Жәнібеков те, Е.Әуелбеков те Орталық жіберген аймақтардан абыройларына абырой қосқан-ды. Егер торғайлықтар Жәнібеков пен Әуелбеков туралы қыр етіп айтатын болса, Сужиков пен Әуелбековтің есімдерінің Қызылорда қаласындағы мектептер мен көшелерге берілуі халықтың шынайы құрметі болатын.

Иә, қайраткерлігі қайсарлығымен, іскерлігі жауапкер-шілігімен, әділеттігі адалдығымен, парасаттылығы пайым-дылығымен, білімділігі біліктілігімен, қарапайымдылығы дарындылығымен жарасқан Ерекең, Еркін Нұржанұлы туралы сөзімді белгілі ақын, мемлекеттік қайраткер Кәкімбек Салықовтың «Жұлдызы жанған азамат» атты очеркіндегі мына сөздермен аяқтағым келіп тұр: «Еркін Нұржанұлы бесікте жатып бұлқынған, өсе келе құлшынған аптал азамат еді, желіде тұрып жұлқынып, Құлагер болып туған ел дүлдүлі болатын. Қыр мұрынды, қапсағай қыран тақылеттес келбеті мен жас қарағайдай сұңғақты тұлғасы өзеге емес, өзіміздің «Оқжетпеске» ұқсайтын». Бұдан артық не айтуға болады?

Жәлел ҚОШҚАРУҰЛЫ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің профессоры,
саяси ғылымдарының докторы

ҚАЙСАРЛЫҒЫ ӘДІЛЕТТІЛІГІМЕН АСТАСҚАН ҚАЙРАТКЕР

дейін басқарған партиялық аппаратта әуелі үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісінің орынбасары, өзі бекіткеннен соң бөлім меңгерушісі болдым. Бұл кезең мен үшін айрықша тағылымды болды. Мәжіліс депутаты болған кезімде Ерекең туралы «Қайсар қайраткер» деген тұңғыш көлемді мақалам «Арқа ажары» газетінде жарияланды. Мен бүгін өзім көрген, өзім ой жіберген мәселелер туралы ғана айтпақшымын.

Мәскеудің Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясын үздік бітіріп келгеннен соң еңбек жолын бас агрономдықтан бастап министрге дейін көтеріліп, Көкшетау мен Торғай облыстарын басқарған Еркін Нұржанұлы Әуелбеков Сыр бойына үлкен дайындықпен келгендігі 1985 жылдың 22 қаңтарында өткен Қызылорда облыстық партия комитетінің VII пленумында айқын байқалды. Пленум мүшелерімен шақырылған облыс активі Ерекенді әділеттілік пен еркіндіктің символындай қабылдады. Мұның келесі себептері бар еді. Одақта «қайта құру» мәселесі алға шықты. Содан коммунистік партияның жеке билігі мен генсектердің жеке басы-лығы қажытқан халық әділеттілікті аңсаған болатын. Бұл кезде қайсар тұлғаның адал қызметі мен басқарудағы әділеттілігі республикада аңызға айнала бастады.

Пленумда сөйлеген қысқа ғана сөзінде өзіне көр-сетілген жоғары сенімге шың жүректен ризашылық сезімін білдіре отырып, Еркін Нұржанұлы Қызылорда облысының экономикасы мен мәдениетінің дамуы, гүлденуі мен оның республикада өзінің атына лайықты орын алуы, әлеуметтік саладағы жауапты міндеттерді шешу, жана белестерге шығару үшін бар күш-жігерін, білім-білігін еш аямайтынын танытты. Облыстың өзіндік ерекшелігі мен жағдайын ескеріп, бар мәселені өздеріңізбен бірге жүзеге асыруға тырысамын, «Бүгіннен бастап сіздердің қатарларыңызда, қызылордалық боламын» деп шынайы ықыласын білдірді. Оны облыстағы өмірі мен сан салалы қызметі толық дәлелдеді. Ерекең уәде үдесінен шыға білді. Ел де жаңылған жок.

Тарих талай дәлелдеген халық арасында болу оны басқарудың төте жолына апаратынын жақсы білген Еркін Нұржанұлы көпшілікпен жиі кездесіп, облыстың жағдайын тереңірек білуге, өз мақсатын кеңінен түсіндіруге тырысты. Бұл үшін сол кездері қалыптасқан партиялық жұмыс нысандарын тиімді пайдаланды. Өзі сайланған қаңтар айынан жыл аяғына дейін 50-ден астам кездесуде болып, сөз сөйледі. Олар: облыстық партия шаруашылық активінің жиналысы, облыстық, қалалық, аудандық конференциялар мен пленумдар, халық депутаттарының облыстық кеңесі, партия ұйымдарының есеп беру сайлау жиналыстары т.т. болды, келер жылы мұндай 46 кездесу өтті. Әр айдың бесінші жұма күндері «Бірынғай саяси күндер» және ай сайын «Малшылар күні», сондай-ақ «Ашық есік күндері» өткізіліп, барлық аудандық, облыстың деңгейдегі бірінші басшылар еңбек ұжымдарында болып, жағдаймен танысып, жұртшылық алдында есеп берді. Осылай халықпен, активпен жолығудың түрлі жолын, өңірді партиялық басқарудың өзіндік жаңаша стилін енгізіп, оны байыта отырып қалыптастырды.

Еркін Нұржанұлы негізінен, ауыл шаруашылығы бағытында ғана дамып, республика деңгейінен кенже келе жатқан облысты тығырықтардан шығарудың тиімді жолдарын жалықпай іздеді. Мұны тапты. Өзіне тән іскерлікпен, қажыр-қайратпен, ерекше дарынмен Ерекең Сыр бойына Мәскеудің назарын бұрып, аймақ үшін маңызды-маңызды 5 қаулы-қарар қабылдаатқызды. Бұлар-

Басы 1-бетте

Бұл елеулі оқиға еңбек адамының жалақысына қосымша үлестер әкелді.

Осындай Сыр бойына Мәскеудің назарын аударып, бірнешеқаулықабылдаттыру 1954-1958жылдарыобкомның бірінші хатшысы қызметін атқарған Мұхамедғали Әленұлы Сужиковтың кезінде де болған еді. Бұл аймақтың партия басшыларының саяси өресін, іскерлік қабілеттерін айқын байқатқан факторлар болатын.

Сондай-ақ Ерекеннің Жезказған өңіріне жататын «Құмкөл» мұнай кенішіне қарасты аймақты облыстың пайдалануына 25 жылға жалға алу туралы келісімге қол жеткізудегі еңбегі ерекше. «Маңғыстау мұнайгаз» бірлестігінің сол кездегі президенті Нұрлыхан Бекбосыновпен бірлесіп, КСРО Мұнай және газ министрлігінің Құмкөлдi игеруді «Татариенфть» және «Башқұртнефть» компанияларына беріп қойған бұйрығын бұздырып, кері қайтарды. Сөйтіп, Құмкөл мұнайының игерілуіне он мыңдай адам тартылып, геологиялық барлау жұмысы тиянақты жүргізіліп, 1988 жылы алғашқы өнім-ге қол жеткізді. Бұл облыс бюджетінің 70-80 пайызын құрады. Мұның Сыр бойы халқының әл-ауқатын, тұрмыс-тіршілігін көтеруде қаншалықты пайдалы болғанын дәлелдеп жатудың өзі артық.

Сол кездері іске кіріскен, өңірдің экономикасында өзіндік орны бар «Шалкия» кенішін, аэропорт, жүздеген тұрғын үй, т. б. деп жалғастыра беруге болады. Осыларды жүзеге асыру тек Ерекең сияқты ерлердің ғана қолынан келетін еді. Мұның бәрі облыс жұртшылығының көңіл күйін де, тұрмыс жайын да ерекше көтергені белгілі.

Еркін Нұржанұлы облыстың артқа қалуының басты себебі кадр саясатымен байланысты екенін терең түсінді. Бұл мәселе арнайы облыстық партия комитетінің пле-нуымында қаралды. Өйткені басшылыққа құрғақ сөзбен, жеке қарым-қатынаспен көтерілгендер, қызмет бабын өз тұрмысын көтерудің, жоғары лауазымға жетудің жолы еткендер аз болған жоқ. Кадрлар арасындағы паракорлық, пайдакүнөмдік, жағымпаздық, қоғам мүлкін талан-таражға салу, жағымсыз қылққа бейімделе қою, өз абыройын өзі түсіру қатты сынға ұшырады. Салтанатшылдықпен, жетістіктерді ұрандатып көрсету, кемшіліктерді жасыру фактілерімен аяусыз күрес жүрді. Төртіп бұзушыларға жариялықты жасалып, сын және өзара сынның дамуы үшін объективті жағдай жасалды. Төменнен бақылау күшейді. Алғашқы екі жылда 200-ден астам облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің номенклатурасындағы басшы кадрлардың жұмыстан босауы бұған дәлел бола алады. Бірақ ешкімге артық қиянат жасаған да, жасаттырған да емес.

Облыс басшылығы кезінде Е. Н.Әуелбеков қатысқан СОКІП Орталық Комитетінің бір пленумы еске түсіп отыр. Оның материалдары бойынша біз тез арада еңбек ұжымдарында сөз сөйлеу үшін облыстың басыы кадрларына баяндама тезистерін дайындауымыз керек болып, Мәскеуден телетайп арқылы материалдар түскен кезде түн ортасына дейін отыруға тура келді. Өдетте, бұл ақпараттық материалдар аймақтардағы қазіргі жағдаймен байланысты және айтарлықтай көлемді болды. Тезистер екі тілде дайындалды. Бұл Ерекеннің жоғары партия органдарының шешімдеріне ерекше көңіл бөлуінен қалыптасқан жұмыс стилі еді.

Облысқа жаңа басының келуімен сан жылғы тоқыраудан шаршаған халықтың арыз-шағымы обкомға қарша борады. Мысалы, 1985 жылы өткен жылмен салыстырғанда шағымданушылар қатары 4,4 есе көбейді. Жұрттылық үніне серкек Ерекең бір арызды толық

қатысты мәселеге аса жауапкершілікпен қарайтын. Бір мысал келтіре кетейін. Ол кездері облысаралық ақындар айтыстарын өткізу дәстүрі бар еді. Сондай бір айтыс Павлодарда Оңтүстік Қазақстан ақындарымен өтетін болды. Біздер Ерекеннің жеке тапсырмасымен айтысқа баратын ақындарымызды облыс орталығына жинап, арнайы дайындадық. Оған белгілі жазба ақындарымыз қатысып, ақыл кеңестерін айтып, республиканың, жарысушы облыстардың әлеуметтік экономикалық жағдайы туралы қажетті деген мәліметтер жинадық. Бірінші хатшы «ақындарыңды өзің басқарып бар» деп Павлодарға мені жіберді. Мұнда келгенде айтыстың аса тартысты жағдайда өтетіндігін байқадық. Көрші ағайындар біздерден бұрын келіп, алдағы жеңіс үшін еш аянбай, барын салыпты, артық та кетіпті. Осыларды білгеннен кейін айтысты ұйымдастырушылармен арнайы сөйлестік. Естіген білгендерімді ортаға салдық. Жарыстың әділ өтуі жөнінде талап қойдық. Облыс басшысының біздерді жайдан жай жіберіп отырмағанын, әр сәтіміз бақылауда екенін ескерттік. Сонымен не керек, екі облыс тең түстік. Қазылардың шешімі осылай болды.

Павлодардан келгеннен кейін жағдайды басшымызға толық баяндадым. Ерекең де теледидардан берілген айтыс туралы хабарды жібермей қарапты. Кейбір әділетсіздіктерді байқап қалса керек. Осы айтыс туралы және кейін облыстың «Қайсар» футбол командасының шымкенттіктермен кездесуінде қонақтардың жетекшісі тарапынан кеткен артық іс әрекеттерді Ерекең көрші облыстың басшысымен бір кездескенінде арнайы әңгімеге арқау еткені әлі есімде.

Еркін Нұржанұлы қайсарлығы әділеттілігімен астасқан басшы болды. Көмекшілері жиналыс-кездесулерге сөйлер сөзін өзінің айтуы бойынша орыс тілінде дайындайтын. Маған түскі сағат 14-терде әкеліп, кешке керек дейтін. Біз оны тез аударатынбыз. Пайдаланатынымыз машинка. Оны қайта қарап, жөндеуге уақыт жоқ. Өзінің айтқандары ғой мазмұнын баяндар деп ойлайтынбыз. Бірақ бірде ол материалдарға қанағаттанбай жүргенін айтты. Мен келістім. Ереке, сіз ойларыңызды маған айтыңызшы, мен бірден қазақша жазайын дедім. Оның дұрыс деп қоллады. Алайда орысша ойлап қалған Ерекең бұлай етпеді. Бірде кеңейтілген бюро басталарда маған қарады да бұрынғы сөздерін қайталады. Мен: «Еркін Нұржанұлы, әркім өз сөзін өзі жазуы керек қой» дедім. Залдың тым-тырыс болғаны сонша шыбынның ызыңы естілетіндей жағдай болды. Ерекең сәл қатуланып үнсіз отырды да, бюроны бастап кетті. Егер басқа кісі болса, мені бәлкім, осы бюрода жұмыстан босатуы мүмкін еді.

Біздер жаңа басының әрбір қырына қызығушылық таныттық. Өйткені оның бойында өзгелер алар өрелі өнеге де, үмітті үлгі, тағлымды дүниелер мол еді. Бірінші хатшы болып сайланғаннан кейін маған алғаш тапсырғандары Саяси ағарту үйінің кітапханасынан дер кезінде жеткізіп тұруға 10-15 мерзімді басшыларды тізімі болды. Бұл газет-журналдар уақытылы қайтарылып, жанарып отырды.

Адам баласының кең ұғымдағы жеке мәдениеті қалып-таспай, оның қызметінің берекесі бола қоймайды. Еркін Нұржанұлы өзін басшылықтың бәйгесіне дайындағандай күнделікті жеке жұмыс режимін белгілі жүйеге түсірген, оны қатаң сақтайтын және осыны қарамағындағы қызметкерлерден де талап ететін. Мұның тиісті нәтиже беретінін өз тәжірибесінен өткізген басшы болғанына бір мысал.

Кейде обкомның асханасында дәмдес болып қаламыз. Сонда Ерекең облыстық партия комитетінің қаржы және

Жоба

ЖЕР САЛЫҒЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН ЖОҒАРЫЛАТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 582-бабының 1-тармағына сәйкес, Қызылорда қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

- Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде Қызылорда қаласы бойынша жер салығының мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 577 және 578-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен 35 (отыз бес) пайыз жоғарылатылсын.
- Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Мәслихат төрағасы

О ПОВЫШЕНИИ СТАВОК ЗЕМЕЛЬНОГО НАЛОГА

В соответствии с пунктом 1 статьи 582 Налогового кодекса Республики Казахстан Кызылординский городской маслихат РЕШИЛ:

- Повысить ставки земельного налога по городу Кызылорда на 35 (тридцать пять) процентов от базовых ставок земельного налога, установленных статьями 577 и 578 Налогового кодекса Республики Казахстан на основании проектов (схем) зонирования земель, проводимого в соответствии с земельным законодательством Республики Казахстан.
- Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

Председатель маслихата

Тағдыр бұйыртқан тарих жобасымен сан ғасыр еркін өсіп, еркін дамып келе жатқан Ұлы дала, бүкіл түркі жұртының қасиетті астанасы Түркістан аймағы азаттықтан айрылып, тәуелді бұғауға түсіп, отаршыл саясаттың өктем езгісі мен өзгеше озбырлығының бар қиыншылығын көріп келе жатқанда 1917 жылы ақпан төңкерісінде II Николайдың тақтан түскені Алаш ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерін ерекше қуантқан еді. Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатұлы үшеуі Алаш баласынан былайша сүйінші сұрап: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұ күн теңелдік», – деген мазмұнда хат жолдады. Бұл осы жылғы «Қазақ» газетінің №225 санында жарияланды.

Орыс демократтарына сенімнен өз партиясы бағдарламасының жобасында Алаш жетекшілері «Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия республикасының федерациялық бір агзасы болуы» атап көрсетілуі себепті әзірше автономиямен шектелген болатын. Осы ұстанымға берік Мұстафа Шоқай Қоқанда орнамақ мемлекеттік құрылым туралы мәселе күн тәртібіне қойылғанда оның автономиялық формасын қызғыштай қорғалды. Алайда билікке келген большевиктер «әр мемлекеттің іргесі бөлек, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді» дегенді қауіпті санап, барлығы 64 күн өмір сүрген Түркістан Мұқтариятын жойды.

Саяси сахнаға келген кеңестік жүйенің саясатынан шетелге кетуге мәжбүр болған, оның табиғи болмысына әбден көзі жеткен Мұстафа Шоқай 1921 жылғы мамырда Еуропаға, әділеттілік пен заңдылықтың, демократия мен ашықтықтың, бостандық пен еркіндіктің орталығы, эмигранттардың екінші отаны Францияға жетіп, Парижде орналасқаннан соң ұлт азаттық күрестің мақсатын қайта қарап, басқаша шешімге келді. 1923 жылы Париждегі «Orient et Occident» журналында француз тілінде жарық көрген «Ресей саясаты және Түркістан ұлттық қозғалысы» деген мақаласының «Түркістанның тәуелсіздікке қарай бағытталуы» атты соңғы бөлімінде бұрынғы автономия бағдарламасын ұлттық тәуелсіздік бағдарламасымен ауыстыру туралы жазды.

Сөйтіп, 1929 жылғы желтоқсан айынан 1939 жылдың тамызына дейін Берлинде шығып, Түркістан ұлт азаттық қозғалысының жалынды туы болған «Яш Түркістан» журналының тұңғыш санында жарияланған «Біздің жол» атты алғашқы мақаласында Мұстафа Шоқай: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бостандықтан құтылуы үшін күрресеміз. Түркістандықтарда бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» деп кесіп айтуден шектелмей, бұл ойын «Большевиктер «Түркістан республикалары түрі–ұлттық, мазмұны–пролетарлық деседі. ...Ал біздің мұратымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттің құрылымға қол жеткізуі болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деп түйіндеді.

Мұстафа Шоқай «Түркістан лениншілдеріне жауап» деген көлемді мақаласында Түркістанның тәуелділігі үшін себебін былайша айқындады: «Кенес үкіметінің «ұлттық саясаты» басынан аяғына дейін ұлттық езю, қанау саясаты. Түркістандағы «ұлттық республикалар» дегеніміз – «сырты жытыларға, іші қалтырап тұрған» мәнсіз, мағынасыз бірденелер екенін кеңес баспасөзінің өзі де теріске шығаруға дәрменсіз». Сол себепті Түркістан халқы большевиктердің жекелеген саясатына ғана қарсы күресіп жатқан жоқ, «орыс пролетарияты билігінің» тұтас жүйесіне қарсы күресіп келеді» деп жазды.

Тәуелсіздік үшін күрестің амал-тәсілдеріне де Мұстафа Шоқай жеткілікті көңіл бөлді. Осы бағытта қысқа ғана болса да, өзінің саяси мазмұны жағынан аса бір маңызды 1931 жылы жарық көрген «Алған бағытымыз айқын болсын» деген мақаласында орыс демократтарының саяси жарамсыздығынан Ақпан төңкерісінен ештеңе шықпағанын, Ресейде үстемдік құрған большевизмнің тек орыстарға тән екенін орыс демократтарының көрнекті тарихшы ғалымы П.Н.Милоковтың өзінің де мойындағанын айта келіп: «Сол себепті біз миллиондаған тұрғыны бар Ресеймен күресте жеңіске жеткізетін ең тура, ең тиімді жолдар мен тәсілдерді таңдап ала білуіміз керек» деді. Мұны айтудан шектелмей автор: «...Біз өзімізбен тағдырлас және өзіміз сияқты ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған халықтармен тізе қосып, күш біріктірудің жолдарын іздестіруіміз ләзім. Біз тек Еділ Орал, Қырым, Әзірбайжан қатарлы өз бауырларымызбен ғана тығыз байланыста болып қоймай, Кавказ халықтары, Украина және орыс казактарының тәуелсіз мемлекет құру жолына түскен бөлігімен ұйымдық тұрғыдан да, жеке тұрғыдан да тығыз байланыстар орнатуымыз қажет» деп күрес ауқымы кеңейте және қуатын арттыра жазды. Мұның себебін Мұстафа Шоқай ұлттық қозғалыстың жастығымен, ұлттық ұйымның буыны беки қоймағанымен, «ұлттық бірлік» төңірегіне топтасқан түркістандықтардың, алған бағытының айқын, басқан қадамының анық, қимылының ширақ бола алмай келе

жатқанымен түсіндіріп, мақаласын: «Біз өзіміздің барлық іс-қимылдарымыз бен бой көрсетуімізде Мәскеудің қазіргі және ертеңгі диктатурасына қарсы күрес майданына жұмылған ынта-жігерімізді аз да болса басқа жакқа бұратындай ешбір іске бармауымыз тиіс. Алған бағытымыз айқын болсын ағайын!» деген жалынды сөздермен аяқтады.

Кеңестік Ресейдің үстемдігіне қарсы күш біріктірудің қажеттігін жақсы сезінген, бірақ мұндай күшті біріктіру қажетті деңгейде жүзеге аспай отырғаны туралы бұрынғы ойларын жалғастыра түскен, 1932 жылғы жарық көрген «Шептерімізді біріктірейік» деген мақаласында Мұстафа Шоқай ұйымдардың бытыраңқылығын, араларында жүйелі байланыстың жоқтығын, күштерді біріктіріп, бір мықты ортақ ұйым құрудың қажеттігін атап көрсетіп: «Бұл орталыққа біріккен әрбір ұлттық ұйым өз дербестігін сақтай отырып, сонымен қатар орыстың большевиктік немесе большевиктік емес империалистеріне қарсы күресте біздің ұлттық бірлігімізді қамтамасыз ететін болады» деп жазды. Бұл ойлар ары қарай пысықталып, мақала: «Біз, орыс жерінен» бөлініп тәуелсіздік үшін күресуші ұлттар, күшімізді біріктіріп, қатарымызды нығайтайық» деген сөздермен аяқталды. Осы жылы жарық көрген келесі «Шептерімізді бірлестіру хақында» атты мақаласында 1918-1921 жыл-



«Біздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, ер халық». Шірікпн, бұл сөздер әрбір

ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ

дары орыс империясы қарамағындағы орыс емес өлкелерде басталған ұлт азаттық қозғалыстардың мақсаттарының ала-құла болуынан, берік бірлік орната алмағандықтан бодандыққа түскенін, сонымен қатар басқа да себептердің болғанын айта келіп, Мұстафа Шоқай қазір барлығы үшін ортақ мақсат барлығын, ол тәуелсіз ұлттық мемлекет құру екенін атап көрсетті: «Жауымыз күшті. Ол біздің барлық өмірлік мәні бар буындарымызды өз қолында ұстап отыр... Сол себепті біздер армандап отырған мақсатымызға жетудің бір ғана жолы бар десек, ол жол – тәуелсіздік жолындағы барлық күрескерлердің күш біріктіруі».

Осылай Мұстафа Шоқай өзі көрген, елден жеткен материалдарға кеңестанулық ғылым тұрғысынан талдау жасап, баға беріп, бұл бағытты жаңа интеллектуалдық көкжиекке көтерді. Бұған оның шетелде, Францияда болғаны айрықша мүмкіндік туғызды. Ол көтерген проблемаларды елдегі басқа Алаш жетекшілері білмеді емес, жақсы білді. Алайда қатал цензура олардың аузын аштырмады, сөздерін баспасөз бетінде бастырмады.

Осы сәтте қағидатты бір мәселеге назарларыңызды аудара кетейік. Мұстафа Шоқай Ресейді сынағанда оны орыс халқының Отаны ретінде емес, патшалық билік пен кеңестік жүйенің орталығы болғаны, олардың ұлттық саясаттарының әділетсіздігі үшін сыналды. Халыққа қарсы емесін, халықты басқарып отырған басшыларға қарсы сөзбен күресетінін айта келіп: «Біз барлық халықты құрметтеуге тиіспіз. Мемлекет үшін бір халықтың өзге халықтан айырмасы жоқ. Географиялық жағдайымыз да Ресеймен достық және бейбіт қатынаста болуымызды талап етеді» деп жазды.

Мұстафа Шоқай Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрестің себептері мен амал-тәсілдерін көрсетумен бірге оның түпкі мұраты ұлттық мемлекет болғанын кейінгі көптеген шығармаларына өзек етті. «1937 жыл» деген мақаласында былай деп жазды: «Біз халқымыздың құқығы үшін, ұлттық мемлекетті құру сәтін жақындату үшін күрресеміз. Біз ұлттық мемлекетімізге қол жеткенін көріп қана қоймай, оны құру істеріне де қатынасқмыз келеді». Бұл үміттер мен армандардың орындалуына ешқандай шүбә келтірмейміз, сонымен қатар сол бір бақытты күндердің өзіміз ойлағандай тез жақындамауына байланысты туған уайымымызды да жасырмаймыз дей келе, Мұстафа Шоқай: «Сол үшін де біз барлық күш-қуатымыз бен ақыл-парасатымызды атамекеніміздің азат болатын күнін жақындатуға бұдан былай да жұмсай беретін боламыз» деді. Бұл сөздердің арғы жағында қаншама ойлар, қаншама сезім күйлері жатыр десенші!

Ұлттық тәуелсіздік, ұлттық мемлекет, оларға жетудің жолдары туралы ойларын кеңірек түсіну үшін Мұстафа Шоқайдың 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арнаған сөзіне арнайы тоқтағанды жөн көріп отырымыз. Таспаға жазылған, үні айқын, әрбір сөзі өмірдің оғындай ондыққа дәл тиетін, идеялары жүрегің мен сезіміңді жаулап алып, ерекше күйге түсіретін бұл мәтін мынадай болатын: «Түркістанның мақсаты – өзінің құрылысы миллет (ұлттық – Ә.Б.) үкіметін құрып, дербес боп, өз алдына бір өкімет болып тұру. Халқы көптен бұл жұмысқа алысып, шалысып, қан төгіп, соғысып келеді. Үмітіміз зор, мемлекетіміздің келешегіне иланамыз» дей келіп, болашақ мемлекет үшін күрес келесідей керемет сөздермен бейнеленді:

казактың үйінде болып, отбасының ұлттық рухын көтеріп тұрса, артық болмас еді.

Бұл ой-идеялардан шығар қорытынды, тәуелсіздікті тереңірек түсінбейінше, мемлекеттің ұлттық сипатын барынша айқындап алмайынша, ұлттық мүдде тұтас шешіле қоймайтынын, оған деген көзқарас та толық қалыптаса қоймайтыны аян. Сол себепті бізге «бұл ең бірінші кімнің мемлекеті, алдымен кімнің «сойылын соғып, жырттысын жыртуымыз» керек, кімнің мүддесін қорғауы қажет» деген тұрғыда ойлана түскен орынды. Өйткені өркеннетті елдер тәжірибесі алдымен мемлекет құраушы ұлттың идеяларын, мүдделерін шешеді. Бұл, екінші жағынан, басқа этнос өкілдерінің мәселелерін шешудің алғы шарты болмақ.

Мұстафа Шоқайдың ұлттық мемлекет құру мен оның дамуында айрықша рөл атқаратын саяси партия, парламент туралы да тамаша ойлары бар екенін, алайда уақыттың тарлығымен байланысты және адамзат қоғамы үшін аса мәнді ұлттың зиялы қауымы туралы ой-пікірлеріне тоқтай кеткенді жөн көрді. Бұл тақырыпқа «Ұлттық зиялы», «Ұлттық зиялы жөнінде» деген арнайы мақалалар жазды. Көлемдері жағынан бас-аяғы 8 беттей болғанымен бұлардың көтерер жүгі салмақты, айтар ойы терең, берер тағылымы мол.

Ұлттық мемлекетті құрайтын, ұйымдастыратын және оның негізі халық болса, оның көшбастаушысы зиялы қауым болып саналады деп ұғынған Мұстафа Шоқай «Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз?» деген сұрақты тікелей қояудан басталатын «Ұлттық зиялы» атты мақаласында бұған дұрыс жауап қайырудың шын мәнісінде оңай емес екенін атап көрсетеді де, оқығанын барлығын олардың біліміне қарап, зиялы деуге болмайды дейді. Сонан соң белгілі бір ортақ идеяларды жете ұғынған және сонымен өзара байланысқа түскен білімділерді зиялы, ал саяси, қоғамдық немесе мәдени салалардың қайсысында болмасын өз халқына қызмет ету идеясын терең ұғынған зиялыны ұлттық деп санады.

Зиялы қауым өкілдері қоғамның кішігірім әлеуметтік тобын құрайтынын, оның өз ұлтынан терең парасатын, шығармашылық қабілетін жария етушісі, жақтаушысы ғана емес, сонымен бірге оның адамгершілік, мәдени, рухани үлгісі (эталон) болып саналатынын терең түсінген Мұстафа Шоқай Түркістанның азаттығы үшін күресте халықтың саяси, әлеуметтік бірлігі ұлттың зиялыларының болмайтынын жақсы білді. Сондай-ақ халық бұқарасының, зиялы қауымның ой-тұжырымдарымен келісе алмаған биліктің де тағдыры тұрлаулы бола алмайтынын өмір көрсетіп келеді.

Мұстафа Шоқай туған елінің азаттығы, мемлекетінің тәуелсіздігі үшін күресетін саяси қайраткерлер туралы, олардың тамаша кісілік қасиеттері жөнінде де тағылымды өсиеттер қалдырды. Шынында да, мемлекеттің саяси сипаты да, әлеуметтік әлеуеті де оның тікелей басшысына байланысты болатынын тарих талай дәлелдеді. Сондықтан Мұстафа Шоқайдың «Біз саяси қайраткерлерді оның ұранына қарап емес, іс-қимылына қарап бағалаймыз» деуі де, Алманияның мемлекет қайраткері Бисмарктің «Әкімшілігінен ынсап кеткен жерде заңнан қайыр жоқ» деген сөзін мысалға келтіруі де тегіннен-тегін емес еді.

Дана қазағым «елу жылда ел жаңа» дейді. Ал оның ілгері дамуы көбіне көп билік маңайындағы лауазымды азаматтарға, олардың адамгершілік, халықты ұйыстыра білу, биік жауапкершілік сияқты қасиеттерді кастерлей білуіне байланысты. Бұл сондай-ақ бүгінгі нарықтық қатынастың тиімді қырын терең түсінуге де қатысты. Алаш жетекшілері біз батыстық (нарықты айтқаны) жолды таңдаймыз, алайда оны өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып қабылдаймыз деген еді. Біз ислам дінін де өзіміздің тұрмыс жағдайымызға қарай қабылдаған болатынбыз. Менің айтнағым – қазір басқару ұйымдарына дайындайтын лауазым алаңдарының аздығы байқалады.

Мұстафа Шоқай Түркістандағы «Ұлттық тәуелсіздік» және «Ұлттық мемлекет» үшін күресті тікелей халықтың ұлттық рухымен байланыста қараған болатын. 1931 жылғы жарияланған «Большевизм – түрікшілдіктің жауы» деген мақаласында «ұлт тәуелсіздігі» ұғымын халықтың ұлттық рухынан ажырағысыз деп қарап, олардың себебін, даму үдерісін түсіндірді. Мәскеу саясатының мәні халқымыздың ұлттық сана сезімін тұншықтырып, оның қандай да бір көріністеріне жол бермеу, түрікшілдіктің белгілерін түбірімен құрту, ұлтымыздың өзіне тән рухани әлемін суалтып, оның орнына орыс

тәуелді болмай, азат болуы дегенді білдіреді. Ал әрі қарай тарқатсақ, бұл бостандық жергілікті халықтың тілінен, дінінен, ділінен, яғни рухани дүниесінен бастау алып, ұлттық мәдениеттің еркіндігі, мемлекеттің саяси және экономикалық құрылымдарының азаттығын қамтиды. Сондай-ақ Тәуелсіздік ұғымы мұнымен шектелмейді, бітпейді. Бұл жеке адам үшін мақсаттарды, міндеттерді және оларға жету әдістерін өз бетінше жоғары жауапкершілікпен анықтауды, қоғам алдында тұрған ортақ мүддені шешуде белгілі бір мінез-құлықты таңдау еркіндігін қажет етеді. Сондықтан біз ұлттық рухпен, ұлтшылдықпен, халықтың саяси санасымен, шынайы әлеуметтік еркіндігімен, қоғамдағы демократиялық үдеріспен, құқықтық сауаттылықпен, тағы басқа толып жатқан ұғымдармен тікелей тағдырлас, бағыттас, ажырамас тұтастықтағы «Тәуелсіздік» сөзінің аса қасиетті мәнін тереңірек әрі кеңірек түсініп жатсақ, ұтқанымыз көп болар еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты мақаласында: «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз

пролетариатының рухын орнатпақ болып отыр деді. Сондықтан да бар ойын, идеясын былайша тұжырымдады: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді».

Егер өзгеге тәуелді болғысы келмеген, өзінің мекемелеріне ие, өз дербестігін өзі қорғай алатын және өзінің мүддесі үшін жиылған халықты ұлт дейтін болсақ, рух халықтың өзін-өзі тануын айқындайтын, өскелен арман-мұраттарын сипаттайтын, елдің тұтастық идеясына негізделген өміршең күш-қуат болып табылады. Қай халықтың болсын, бойындағы өз табиғатына тән тілі, діні және ділі ұлттық рухымен еш ажырағысыз, тікелей байланысты болады.

Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» деген тамаша өсиеті де бар. Осы бір қысқа ғана пікірді кеңірек ойланyp, тереңірек көз жіберсек, онда бүкіл бір ұлттың тағдыры жатқанын байқау қиын емес. Қай халық болмасын, оның басқадан мықтылығы ұлттық рухына, оның негізі болып саналатын ұлттық тіліне байланысты екенін терең түсінген Мұстафа Шоқай ұлттық тілімізге байланысты бірнеше мақала жазды. Олардағы ой: «Орыс большевиктері социализмді желеу ете отырып, енді екі үш жыл ішінде біздің ана тіліміз – түрік тілін өзінің тарихи құқығынан мақұрым етуді көздеп отыр» дегенге саяды. Бұл пікір ұлттық тілдің халқымыздың өмірінде ерекше мәнге ие екенін байқатады. Алайда «Қазақ әдебиеті» газетінің 2024 жылғы 24 қыркүйектегі санындағы «Тіл тілді өлтірмейді, сойлеуші өлтіреді» деген мақаладағы: «Сонғы 10-15 жылдың көлемінде орыс және ағылшын тілдерінің әсерінен қазақ тілінің әдеби нормасына едәуір ықпалы зиялы келгені тіл жана-шырларын алаңдатып отыр» деп газет ұрпақтарымыздың әлі өз тілін менгермей, басқа тілдерді оқуы теріс тірілік екенін көрсетіп отыр.

Осыдан 35 жыл бұрын қабылданған «Қазақстанның егемендігі туралы декларация» еліміздің егемендігінің есігін ашып, 1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған Тәуелсіздіктен бастау алады. Осы күні қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет екенін салтанатты түрде жарияланды. Әлемнің саяси сахнасына жана тұрпатты мемлекет келгені мәлім етілді. Халқымыз үшін бұл қайта туған, жанарудың бастау алған күні болды. Сөйтіп Мұстафа Шоқайдың шетелде жүріп: «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт-азаттығымызды аламыз» деген сенімі мен арманы 60 жылдан кейін шындығымызға айналды.

Тәуелсіздік бізге не берді? Ең бірінші, біз сыртқы тікелей ықпалдан арылып, көрші елдерімен терезесі тең қарым-қатынас орнаттық. Содан соң халқымыздың бірлігі мен көп этносты Қазақстанның тұтастығы мемлекетіміздің сара саясаты болып отыр. Еліміздің саяси саралануы да, әлеуметтік ахуалының артуы да, экономикасының дамуы да осы парасатты пайымға тұрақты негізделіп келеді. Соның арқасында бүгінде Қазақстан әлемдік қауымдастықта өзіндік орны, саясаты айқын мемлекетке айналды.

«Тәуелсіздік» деген ұғымның мағынасы кең, мәні терең, бұл ең бірінші бостандық, азаттық, яғни басқа біреуге, бір елдің екіншіге

мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сакталамыз» деп алдағы мақсат-міндеттерді айқындап берген болатын.

Бұл сөздер біздің бүгін түгендейтін де, тыңнан іздейтін де мәселелеріміздің жетерлік екенін байқатады. Сал ойланайықшы. Сан ғасыр аңсап жеткен тәуелсіздік, шын мәнісінде, өзінің толыққанды мәніне ие болуы үшін барды жасай алдық па? Тәуелсіздігіміз тұғырлы болуы үшін алда әлі не істеуіміз қажет? Осы мәселелерді әрбір қазақстандық, ең бірінші өзіміз, осы жердің, елдің иелері терең де қатты ойлануы қана қоймай, осы ұлы мақсаттар үшін батыл күресуіміз де керек дегіміз келеді. Сондай-ақ еліміздің алдына бүгін нақты қойылып отырған әділетті һәм жаңа Қазақстан құру мәселесі – өте өзекті ғана емес, әрбір қазақстандықтың тікелей міндет-мұраты. Бұл шынайы ұлттық идеялар мен ұлттық мүдделерді жалпы мемлекеттік деңгейге көтеруді қажет етеді.

Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі мен шығармашылық мұрасының мәні мен мазмұнын құрайтын міне, өздеріңіз көріп отырғандай, «Түркістан», «Автономия», «Азаттық», «Тәуелсіздік», «Ұлттық мәдениет», «Ұлттық рух», «Ұлттық тіл», «Ұлттық бірлік» және «Ұлттық мемлекет» сияқты терең мәнді тамаша ұлттық идеяларсыз түсіне алмаймыз. Бұл ұғымдар тұтас, бірінсіз бірі кедей, бірі ж

Абайбек САРСЕНБЕКОВ,
Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық
«Білім–инновация» лицей–интернаты директоры:

БАСТЫ БАҒЫТ – ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҢДАУ

– Лицейдің басты ерекшелігі туралы айтып өтсеңіз. Сіздің жетекшілігіңізбен бұл оқу орны қандай бағыттарға басымдық береді және өзге мектептерден ерекшеленетін артықшылықтары қандай?

– Біздің мектеп жаратылыстану-математикалық бағытта білім береді, әсіресе биология, химия, информатика, математика, физика пәндерін тереңдетіп оқытады. Біріншіден, жаратылыстану бағытындағы пәндерді тереңдетуге көңіл бөлеміз. Екіншіден, көптеген пәнді ағылшын тілінде оқытамыз. Негізгі басымдық осы. Қазақстан бойынша білім-инновация лицейі бар, солардың барлығы осы бағытта жұмыс істейді. Қазір біз ерекше көңіл бөліп отырған бағыт – «ІВ» деп аталатын халықаралық бакалавриат бағдарламасын енгізу. Еліміздегі білім-инновация лицейлерінің ішінде «ІВ» бағдарламасын іске қосуға арнайы таңдалған оқу орындарының біріміз. Сондықтан басты міндетіміз – осы халықаралық бағдарламаны табысты игеру. «ІВ» бағдарламасының табысты жүзеге асуына облыстық білім басқармасының үлесі зор. Әсіресе басқарма басшысы Асқарбек Темірбекұлы мен басқарма ұжымының қолдауы ерекше екенін атап өткен жөн. Өзге өңірлерде мұндай деңгейдегі қолдау көрсетілмей жатқан жағдайда, біздің облыста керісінше дарынды балаларға барынша жағдай жасалып отыр.

– Оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындауда лицейде қандай ерекше әдістер мен тәсілдер қолданылады?

– Біріншіден, біздің лицейге негізінен ғылым-білімге құштар, олимпиадалық жарыстарға бейім балалар іріктеліп келеді. Екіншіден, оқушылар олимпиадаға өздері қызығушылықпен дайындалады. Мысалы жоғары сынып оқушылары төменгі сыныптағы шәкірттерге күрделі тақырыптарды түсіндіріп, бірге дағдылық жүргізеді. Үшіншіден, жетістіктер тек мұғалімдер мен оқушылардың еңбегі деп қарамау керек.Бізде ата-аналар және лицей түлектерінің қауымдастығы өте белсенді. Олар оқушыларға жан-жақты қолдау көрсетеді, керек кезде келіп бағыт-бағдар береді, тіпті қаржылай да көмектеседі. Өйткені біздің балалар республикалық, халықаралық жарыстарға барған кезде жол шығындары болсаң, басқа да қажеттіліктеріне, түлектер әрдайым демеушілік жасап отырады. Бұл лицей ұжымының бірлігі деуге болады.

– Дарынды оқушылардың қабілетін шыңдау бағытында лицейде тағы қандай жаңа бағдарламалар енгізілуде?

– Дарынды балаларды шыңдау мақсатында қазір халықаралық бакалавриат (ІВ) бағдарламасы кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Бағдарлама аясында оқушыларға ағылшын тілін тереңдетіп оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Мысалы, 10-11сыныптарда оқушылар «ELTS» емтиханына бағытталған арнайы бағдарлама бойынша оқиды және сол арқылы тіл деңгейін

жетілдіреді. Ал 7-8-сыныптарда «Cambridge English» емтихандарының «KET» және «PET» деңгейлеріне дайындық бағдарламасы жүргізіледі. Яғни, ағылшын тілін тереңдетіп оқыту жүйелі жолға қойылған. Мұның бәрі оқушылардың халықаралық білім кеңістігінде өзін еркін сезініп, қабілетін барынша көрсете алуына көмектеседі.

– Лицей оқушылары халықаралық пәндік олимпиадалардан, әлемдік білім додаларынан жеңімпаздар қатарында. Осындай жетістік артындағы еңбекті айтсаңыз...

– Рас, соңғы жылдары оқушыларымыз талай биіктерден көрініп келеді. Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы жыл



сайын жалпы білім беретін 2000 мектептің ішінде 100 үздік мектептің рейтингісін шығарады. Сол тізімде біздің лицей қазіргі таңда алғашқы ондықтың қатарында тұр. Бұл – кез келген мектеп үшін үлкен жетістік. Сонымен бірге соңғы үш жыл бойы оқушыларымызды қатарынан дүниежүзілік пән олимпиадаларына қатыстырып келеміз. Өрине, мұның барлығы жоспарлы еңбектің нәтижесі. Ең алдымен, білімге құштар талантты балаларды лицейге тартып, іріктейміз. Одан кейін сол дарынды оқушылармен жүйелі жұмыс жүргіземіз. Халықаралық олимпиадаларға біздің оқушыларды дайындау жұмыстары «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығында жүйелі түрде жүргізіледі. Оқушылардың дайындығы оқу-жаттығуларын тегін ұйымдастырып, бару-келу шығындарын көтереді, халықаралық деңгейдегі жаттықтырушыларды тартып, соңына дейін сапалы даярлық жасайды. Сонымен қатар «Білім-инновация» қоры ұйымдастыратын арнайы оқу-жаттығу жиындарына балаларды қатыстырамыз. Сол жиындарда біздің шәкірттер республика бойынша өздері сияқты озат балалармен бірге дайындалып, тәжірибе алмасады, білімдерін шыңдай түседі. Осындай көп деңгейлі дайындық нәтижесінде оқушыларымыз халықаралық

олимпиадаларда жоғары жетістіктерге қол жеткізіп жүр.

– Соңғы жылдары білім беру саласында көптеген өзгеріс болып жатыр. Жақында Мемлекет басшысының Жолдауында жасанды интеллектке басымдық беру туралы айтылды. Жалпы, жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізу туралы жиі сөз болуда. Сіздің ойыңызша, бұл жанаалық білім беру жүйесіне қалай әсер етпек?

– Жасанды интеллектті қолдану – уақыт талабы, оның білім саласына берері көп. Дегенмен оның теріс әсері болуы мүмкін екенін де ескеру керек. Мысалы, кейбір оқушылар берілген тапсырманың жауабын жасанды

енетін болса, біз де сол бағытта аянбай еңбек етеміз деп ойлаймын.

– Қазақстанның болашағына үлес қосатын жана буын мамандарын тәрбиелеу үшін білім беру саласында қандай басым бағыттарға көңіл бөлу қажет деп санайсыз?

– Жалпы, бұл басты бағыттарды мемлекетіміз айқындап та қойды деуге болады. Әр баланы адал азамат етіп тәрбиелеу – негізгі міндет. Қазір елімізде осыған арналған «Адал азамат» деп аталатын бірінғай тәрбие бағдарламасы қабылданды. Білім-инновация лицейі 30 жылдық тәжірибесінде құндылықтарға негізделген өзіндік тәрбие жүйесін қалыптастырған. Енді сол жүйені оқу-ағарту министрлігі басқа мектептерге де үлгі ретінде ұсынып отыр.

Ал академиялық тұрғыдан қарасақ, әлемдік озық тәжірибелерді білім беру процесіне батыл енгізу қажет деп санаймын. Мысалы, биыл лицейде ІВ халықаралық бағдарламасын қолға алуымыз көп жылдық ізденістің нәтижесі. Біз бұл бағдарламаны бір-екі жылда енгізе салған жоқпыз, соңғы он жыл бойы жан-жақты зерттеп, дайындығын жүргіздік. Оқушыларымыз дамыған елдердегі замандастарынан кейін қалып қоймауы үшін қандай академиялық басымдықтар беру керектігін зерделедік. Соның нәтижесінде осындай халықаралық дәрежедегі бағдарламаны енгізуге бел булды. Егер ұрпаққа сапалы тәрбие мен заманауи білім берудің осы бағыттарын толық іске асыра алсақ, болашақта елімізде дамыған мемлекеттердің деңгейінен қалыспайтын, жана жағдайға бейім, мықты ұрпақ қалыптасады деп ойлаймын.

Өрине, мұның бәрі біркүнде іске асатын шаруа емес. Әлемдік бағдарламаларды толықтай сіңіру үшін уақыт қажет. Мәселен, ІВ бағдарламасын толығымен жүзеге асыру үшін шамамен екі жыл уақыт керек. Халықаралық ұйым болғандықтан, олар сол мерзім ішінде мұғалімдер құрамының, оқушыларымыздың дайындық деңгейін, жалпы лицейдің жаңа жүйені игеру қабілетін жан-жақты бақылап, бағалайды. Содан кейін ғана мектепке ресми түрде ІВ бағдарламасы бойынша білім беруге мүмкіндік беретін сертификат табыстайды. Біздің алдағы екі жылдағы негізгі жоспарымыз – осы сынақ кезеңінен сәтті өтіп, ІВ бағдарламасын толыққанды түрде лицей өміріне енгізу. Айта кету керек, бұл бағдарлама бұған дейін елімізде көбіне жекеменшік мектептерде ғана қолданылып келді және ол үшін қомақты қаражат қажет еді. Ал біздің лицейге ІВ енгізу мүмкіндігі туғанда, облыстық білім басқармасы бұл бастаманы қолдап, қаржылай жағынан да, жалпы ұйымдастыру тұрғысынан да жәрдемін беріп отыр. Сондықтан алдағы басты мақсатымыз – осы ІВ бағдарламасын толық іске асырып, лицейдің мүмкіндігін жаңа деңгейге көтеру.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан **София ХАЙРУЛЛА**

САУДА ОРНЫНДА ӨЗ ҚҰҚЫҢЫЗДЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Жыл сайын супермаркеттер мен сауда орталықтарына сұраныс артып келеді. Алайда жайлылықпен қатар даулы жағдайлар туындайтыны жасырын емес. Мысалы, қауіпсіздік қызметкерлері сөмкеніздегі арнайы ұяшыққа қалдыруды талап етеді немесе сөмкені ашып көрсетуді сұрайды. Мұндай әрекеттердің қаншалықты заңды екенін түсіндірейік.

Біріншіден, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (24-бап) азаматтың тауарлар мен қызметтерге еркін және қауіпсіз қол жеткізу құқығын бекітеді. Бұл сатып алушы сауда залына жеке заттарымен, яғни сөмкемен, рюкзаппен еркін кіре алатынын білдіреді. Заңның ешқандай нормасы оларды сақтау қамарасына тапсыруға міндеттемейді. Егер күзетші сізге мұны ұсынса, өз еркіңізбен келіскен жағдайда ғана заң шеңберінде әрекет етеді. Мұндай жағдай ҚР Азаматтық кодексінің 39-тарауында, «Сақтау шартымен» реттеледі. Ал 380-бапқа сәйкес кез келген шарт өзара келісім бойынша жасалады.

Көбіне күзетші сөмкені ашып көрсетуді сұрайды. Алайда бұл талап емес, сыпайы өтініш қана және сіз бас тартуға толық құқығыңыз бар. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (ҚР ӘҚБтК) сәйкес, 16-бапта жеке тексеру және заттарды тексеру тек әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайларда ғана, тек уәкілетті органдар, яғни полиция қызметкерлері тарапынан жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен қатар мұндай іс-шаралар бейнежазбаға түсіріліп, міндетті түрде хаттама толтырылуы керек(ҚР ӘҚБтК 791-бабын қараңыз). Күзетші сізді ұстап алуға да, тексеруге де құқылы емес. Күзетші полицияға қоңырау шалып, оның келуін күтуі керек.

Күзетшілердің өкілеттігері «Күзет қызметі туралы» ҚР Заңымен қатаң реттелген. 1, 3 және 4-баптарға сәйкес, күзетшілер қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және мүлікті қорғайды, бірақ бұл ретте азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға құқығы жоқ. Бұл олардың жеке тексеру жүргізуге, тіптіуге, заңды негізсіз күш қолдануға немесе қозғалыс еркіндігін шектеуге құқығы жоқ екенін білдіреді. Күзет қызметтерінің өкілеттігін асыра пайдалану ҚР Қылмыстық кодексінің 252-бабы («Жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің өкілеттігін асыра пайдалану») бойынша қылмыстық жауаптылыққа келуі мүмкін.

Егер сіздің құқықтарыңыз бұзылған болса, сабырыңз әрі сауатты әрекет етіңіз. Заңсыз талаптардан сыпайы түрде бас тартыңыз, полиция шақыруды ұсыныңыз. Не болып жатқанын бейнежазбаға түсіріп алыңыз немесе күзетгерлерді тарту арқылы тіркеңіз, содан кейін супермаркет әкімшілігіне шағым түсіріңіз немесе жергілікті полиция бөліміне жүгініңіз.

ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қорқыт Ата» Әуежайы» акционерлік қоғамы, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, сағат 15:00 мин.-та 2025 жылғы 15 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат а.о., Ж.Маханбетов а., Жаңадария Қоныс, 157-ғимарат конференц-зал мекен-жайында «Қорқыт Ата» Әуежайы» акционерлік қоғамы объектілеріне әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған жобалық құжаттаманың пакетін әзірлеу бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен интернет ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru> танысуға болады.

Әсер ету аумағы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат а.о., Ж. Маханбетов а., 44°42'42»N 65°35'17»E

Белгіленіп отырған қызмет бастамашысының байланыс деректері: «Қорқыт Ата» Әуежайы» акционерлік қоғамы, БСН 000740001677, Ақсуат а.о., Ж.Маханбетов а., Жаңадария Қоныс, 157-ғимарат, тел.: 8(7132)4170 03, airportkzo2000@airportkzo.kz

Жасаушылардың деректемелері және байланыс деректері: ЖШС «AS-Tour» Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Маресьева көшесі, 2Л, БСН 920613000164, тел.: 87754279391.

Қосалқы мердігер: ЖШС «КБК ГРУПП-ЛТД», мекенжайы: Ақтөбе қ., 8 наурыз көшесі, 18, тел.: 8(775)4279391, E-mail: turka93.93@mail.ru

Ескертулер және/немесе ұсыныстар Ақпараттық жүйе, prd@korda.gov.kz арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Белсенді сілтеме Ақпараттық жүйеде ұсынылады: <https://ndb.ecology.gov.kz/> <https://us04web.zoom.us/j/74907429356?pwd=bqjNa6KpRb6aVP78o3N5YtFHADMLM.1>

Конференция идентификаторы: 749 0742 9356

Кіру коды: F3Jsrp
Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжай turka93.93@mail.ru бойынша және телефон арқылы 8 (775) 427 9391 алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Акционерное общество «Аэропорт «Қорқыт Ата» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что в 15:00 мин. 15 декабря 2025 года по адресу: Кызылординская область, г.Кызылорда, с.о. Аксуатский, с. Ж.Маханбетова, учрочище Жаңадария, строение 157, в конференц зале состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Проектной документации на получение экологического разрешения на воздействие для объектов АО «Аэропорт «Қорқыт Ата». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте о <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru>.

Территория воздействия: Кызылординская область, г.Кызылорда, с.о Аксуатский, с. Ж.Маханбетова, 44°42'42»N 65°35'17»E

Реквизиты и контактные данные инициатора: Акционерное общество «Аэропорт «Қорқыт Ата», Кызылординская область, г.Кызылорда, с.о Аксуатский, с. Ж.Маханбетова, учрочище Жаңадария, строение 157, БИН 000740001677, тел.: 87242400106.

Реквизиты и контактные данные составителей: ТОО «AS-Tour», Актюбинская область, г. Ақтөбе, ул. Маресьева, 2Л, БИН 920613000164, тел.: 87754279391.

Проекты выполнены субподрядчиком ТОО «КБК ГРУПП-ЛТД», Актюбинская область, г. Ақтөбе, ул. 8 марта, д. 18, БИН 191240000353, turka93.93@mail.ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в Информационной системе, prd@korda.gov.kz.

Активная ссылка будет предоставлена на Информационной системе: <https://ndb.ecology.gov.kz/> <https://us04web.zoom.us/j/74907429356?pwd=bqjNa6KpRb6aVP78o3N5YtFHADMLM.1>

Идентификатор конференции: 749 0742 9356

Код доступа: F3Jsrp

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу turka93.93@mail.ru и по телефону 8 (775) 427 9391.



РУХАНИ КЕЛІСІМ МЕН БЕЙБІТШІЛІКТІ САҚТАУ — ҚОҒАМ МІНДЕТІ

Рухани келісім күніне орай, ағымдағы жылдың 20 қазан күні облыстық дін істері басқармасына қарасты дін мәселелерін зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Жыраулар үйінде облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған діни бірлестік өкілдері, дін саласының сарапшылары, теолог мамандар, ғалымдар, өзге өңірлерден келген қонақтар мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – өңірдегі конфессияаралық келісімді нығайту, зайырлы қоғам мен дәстүрлі рухани құндылықтардың сабақтастығын сақтау, сондай-ақ діни ахуалға қатысты өзекті мәселелерді талқылау.

Конференцияны облыс әкімінің атынан құттықтау сөзбен ашқан модератор,

облыстық дін істері басқармасының басшысы Мира Қазбекова рухани келісім мен бейбітшілікті сақтау барша қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтті.

Конференцияда қоғамдағы рухани процестердің түрлі қырлары талқыланды. Атап айтқанда, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ доценті Сержан Оразбай «Рухани келісім – тұрақтылық тұғыры» тақырыбындағы баяндамасында дінаралық татулықтың ұлттық тұрақтылыққа әсерін ашып көрсетті. Ал Жамбыл облысы дін істері басқармасының өкілі Ерат Жақыпов «Қазіргі жаһандану заманында рухани қауіпсіздік және қазақ халқының рухани болмысы» баяндамасында рухани қауіпсіздік мәселесін ұлттық болмыспен байланыстыра отырып саралады.

Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Айтжан Оразбаков Сыр өңіріндегі этни-

калық әртүрлілік пен тарихи қалыптасу жолдарын баяндаса, дінтанушы Әлібек Жаппасбаев өз сөзінде әлеуметтік желілердегі рухани келісім идеяларын тарту тетіктеріне тоқталды.

Жиын барысында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдігі, православ шіркеуі мен пресвитериан қауымдастығының басшылары өз ойларымен бөлісіп, конфессияаралық өзара құрмет пен түсіністіктің маңыздылығына тоқталды.

Шара соңында дін саласындағы еңбегі үшін біркратар азаматтар облыс әкімінің және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің алғысымен марапатталып, «Жыраулар үйінің» жирышы-жырауларының жырларын тыңдап, рухани азық алып қайтты.

Фариза ЖОРАБЕКОВА,
«YI GROUP» ЖШС басшысы

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлттан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына ағандық, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруында